



Автор: Туретаева Жазира Сардаровна
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 4-сынып
Раздел: Мәдени мұра
Тема: Ұлттық аспаптар

Цели урока:	4.5.1.3 өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану. О.4.3.1.1 мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу О. 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру. Ж.4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру. А.4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру 4.5.1.2 көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану;
Привитие ценностей:	Жетіген, қобыз, сыбызғы, асатаяқ, аспап
Навыки использования ИКТ:	Оріг электронды оқулық.bilimland. Мәдени мұра Ұлттық аспаптар
Межпредметная связь:	Музыка сабағы
Предыдущие знания:	Айтыс өнері

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (5 мин)	Мұғалім аспаптар оркестрінің орындаған бір күйін тыңдатқаннан соң, «Ой шақыру» стратегиясы бойынша оқушыларға сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпты ашады. Оқушыларға келесі сұрақ қойылады: Бұл күйді немен орындайды? Оқушылардың ықтимал жауаптары: Аспаптармен орындайды. • Қандай музыкалық аспаптарды білесің? • Музакалық аспаптар үйірмесіне қатысасың ба? • Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды? 1. «Жаңа сөз үйрен» айдары оқушыларды сабаққа қатысты жаңа сөздерді меңгерту мақсатында жүргізіледі. Оқушыларға бірнеше жаңа сөздерге қатысты суреттер көрсетіледі. «Суретті сөздік» арқылы оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.«Бұл не?» әдісі арқылы меңгерту. Мұғалім жаңа сөзді немесе сөз тіркесін айтады, оқушылар сұрақтар қою арқылы анықтайды. Мұғалім ауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!»	https://bilimland.kz/ru/subject/kazah-tili/4-synyp/ulttyq-aspaptar--13981?mid=%info%oqulyq

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (20 мин)	<p>«Көрсет және айт» айдарында оқушыларға ұлттық аспаптардың суреттері беріледі. Суреттердің тұсына оның қандай аспап екенін жазады және неден жасалғанын айтады. Оқушылар қазақ халқының ұлттық аспаптары туралы, оның ішінде дауылпаз, сазсырнай, асатаяқ, қобыз, домбыра, жетіген туралы айтады. Әр аспаптың ерекшелігін, олардан қандай үн шығатынын түсінеді. Осымен байланысты лексикалық тіркестерді меңгереді. Мұғалім оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын ояту үшін мүмкіндік болып жатса, осы аталған аспаптардың барлығын көрсетуге дайындайды немесе интербелсенді тақтадан суреттерін көрсетеді. Мынау – дауылпаз. Мынау – асатаяқ. Ал мынау – қобыз деп көрсетеді. Ал дауылпаз туралы алдыңғы сабақта өткендерін еске түсіртіп, оқушыларға келесі сұрақты қояды. • Дауылпазды неден жасайды? • Дауылпазды ағаштан жасайды. Үлгі: Мынау – дауылпаз. Бұл ағаштан және теріден жасалған. Оның бауы бар, таяғы бар. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сурет бойынша мәтін құрастырып жазады. Тірек сөздер: домбыра, қобыз, сазсырнай, тартамын, ойнаймын, екі ішекті, аспап, ағаш, тері «Кел сөйлесейік» айдарымен ұсынылған тапсырманы «Бірге ойлаймыз» стратегиясы арқылы оқушылар тақырып бойынша меңгерген сөздерді пайдаланып, сурет бойынша сөйлемдер құрастырады. Әр оқушының қабілетін ескере отырып, 4 адамнан тұратын топқа бөлу, әр оқушыға 1-ден 4-ке дейін нөмір беру. Одан кейін оқушыларға топта талқылау үшін оқулықтағы суреттер ұсыну. Берілген уақыт аяқталғаннан кейін, олар өз жауаптарын жазады және сыныппен бөліседі. Сөйлемдерді құрастыру үшін мұғалім сұрақтар қою арқылы оқушыларды жетелеп отырады. Мысалы: 1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? 2. Балалардың қолында не бар? Осы сияқты сұрақтарға оқушылардың берген жауаптары сөйлем немесе шағын әңгімеге айналады. Әр суретке жеке тоқтап талқылайды. Әр топ өз нәтижелерін көрсетеді, басқа топтар «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.</p>	Opig.kz
Конец урока (5 мин)	<p>«Оқы» айдарында ұсынылған күнделік бетіндегі мәтінді «Бірлесіп оқу» әдісімен оқиды. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табады. 1801 жыл. 20 шілде. Сығанақ қаласы Бүгін мен шілдеханаға бардым. Шілдеханаға атақты ақындар, палуандар, күйшілер мен әншілер шақырылған. Жақын ауылдардан әнші, сазгерлер келген. Олар түрлі ұлттық аспаптарда ойнады. Қобыз, сыбызғы, домбыра, жетіген сияқты аспаптардың әсем сазына таңғалдым. Мен де өнер көрсеттім. Ақшабай маған күміс теңге берді. Иә, қала тұрғындары жомарт әрі қонақжай. Ертең тағы жазамын. Қайырлы түн, күнделігім. Оқы және жауап бер. Мәтін бойынша сұрақ құрастырады. Үлгі: Әсет бүгін қайда барды? Оқылымнан кейінгі тапсырма «Жаз» айдарымен берілген тапсырмада мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолданады.</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>Рефлексия «Бес саусақ» Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызық Сұқ саусақ – маған қиын болды Ортаншы саусақ – сұрақтарым бар Төртінші саусақ – менің көңіл күйім Бесінші саусақ – білгім келеді</p>	<p>image not found or type unknown</p> 